

**"Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қаңтардағы № 4 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 9 қаңтардағы  
№ 4 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 11 маусымдағы  
№ 789 қаулысымен  
бекітілген

**Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ереже**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайды.

2. Комиссия мемлекеттік органдар мен мекемелердің кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының профилактикасы, олардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Бала құқықтары туралы", "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының заңдары, осы Үлгілік ереже және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырады.

4. Облыстық, қалалық, қаладағы, аудандағы аудандық комиссиялар тиісті жергілікті атқарушы органның (әкімдіктің) жанынан құрылады.

5. Қажет болған кезде Комиссия аудан орталығынан едәуір қашық орналасқан кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанынан құрылуы мүмкін. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің жанындағы комиссияда аудандық комиссияның құқықтары мен міндеттері болады. Кенттік, ауылдық комиссияны және ауылдық округ комиссиясын құру туралы шешімді облыс әкімдігі қабылдайды, ал дербес құрамын тиісті ауданның мәслихаты бекітеді.

6. Облыстық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның бақылауында болады және есеп береді.

Қалалық, қаладағы, аудандағы аудандық комиссиялар өз қызметінде облыстық комиссияның бақылауында болады және есеп береді.

## **2-тарау. Комиссияның міндеті мен функциялары**

7. Комиссияның негізгі міндеті кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөнінде шаралар қабылдау болып табылады.

8. Облыстық комиссия өз құзыреті шегінде:

1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдардың кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездіктің профилактикасы, оларды әлеуметтік

оңалту жөніндегі қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді;

3) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың жай-күйін, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездікті зерделейді және осы мәселелер бойынша әлеуметтанушылық зерттеу жүргізуді ұйымдастырады;

4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтайды және таратады, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

5) мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есептерін тыңдайды және олардың арасында жетекшілік ететін мәселелер бойынша ақпарат алмасуды ұйымдастырады;

6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің профилактикасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді ұйымдастырады;

7) қалалық, қаладағы, аудандағы аудандық комиссиялардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

8) қалалық, қаладағы, аудандағы аудандық комиссиялардың қызметін үйлестіреді.

9. Қалалық, қаладағы, аудандағы аудандық комиссия өз құзыреті шегінде:

1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, ұстау жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;

3) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың жай-күйін, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездікті зерделейді және осы мәселелер бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

4) кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысады;

5) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған не арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыста орналастыруда, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де функцияларды жүзеге асыруда мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді.

### **3-тарау. Комиссия қолданатын шаралар**

10. Кәмелетке толмағандарды орналастыру жөніндегі қалалық және аудандық комиссия қабылдайтын шаралар:

1) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуге және оқытуға, олардың қылмыс жасауының, құқық бұзуының және қараусыз қалуының профилактикасына жауапты басқа органдармен бірлесіп өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайға тап болған, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж, білім беру ұйымдарына ұзақ уақыт бойы бармай жүрген кәмелетке толмағандарды анықтайды, олардың жеке есебін жүргізеді, осы кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешім қабылдайды және қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды;

2) кәмелетке толмағандарды орналастыру туралы шешімді білім беру, ішкі істер, денсаулық сақтау органдарына, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға, отбасын қолдау орталығына жібереді, өз кезегінде олар қабылданған шаралар туралы Комиссияны екі апта мерзімде хабардар етеді;

3) ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің болмауына, ата-анасының ата-ана құқығынан айырылуына байланысты, сондай-ақ кәмелетке толмағанның тәртібіне теріс әсерін тигізуі мүмкін өзге себептерге орай арнаулы білім беру ұйымдарынан, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан шыққан, тәрбие колониясынан немесе кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған қауіпсіздігі орташа мекемелерден босап шыққан кәмелетке толмағанның бұрынғы тұрғылықты жеріне оралуы мүмкін болмаған немесе қошталмайтын жағдайларда көрсетілген мекемелер орналасқан жердегі Комиссия кәмелетке толмағанның мүддесін есепке ала отырып, өңірдегі білім беру ұйымдарына орналастыру немесе жұмысқа орналастыру бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ ол үшін тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде көмек көрсетеді, мәселені кәмелетке толмағанның жазбаша өтініші мен тиісті мекеме әкімшілігінің дәлелді қорытындысы берілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Қажет болған жағдайларда кәмелетке толмағанға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу үшін Комиссия тиісті қорғаншылық және қамқоршылық органына жүгінеді.

11. Қалалық және аудандық комиссия кәмелетке толмағандарға қолданатын ықпал ету шаралары.

Сот кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілікті өзі көтеретін жасқа жеткенге дейінгі әкімшілік құқық бұзушылықтары немесе қылмыс белгілері бар қоғамға қауіпті әрекеті туралы істерді қараған кезде Комиссия кәмелетке толмағанның жас ерекшелігін, тұрмыс жағдайларын және тәрбиесін, психикалық даму деңгейін, жеке тұлға ретіндегі өзге ерекшеліктерін, әлеуметтік жағдайы мен мінез-құлқын, ересектердің рөлі мен ықпалын, сондай-ақ ол жасаған теріс қылықтың себебін, сипаты мен ауырлығын ескеріп, сотқа әкімшілік заңнамада көзделген шаралардан басқа, кәмелетке толмағанды арнаулы білім беру ұйымдарына, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы өтінішхат бере алады.

12. Кәмелетке толмағандардың ата-аналарына немесе өзге заңды өкілдеріне қалалық және аудандық комиссия қолданатын ықпал ету шаралары.

Кәмелетке толмағандардың балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын не олардың физикалық және рухани тұрғыдан қалыпты дамуына кері әсерін тигізетін ата-аналарына немесе өзге заңды өкілдеріне Комиссия мынадай ықпал ету шараларын қолдана алады:

кәмелетке толмағандарға келтірілген зиянды өтеу туралы сотқа өтінішхат беру;

кәмелетке толмағанның өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде кәмелетке толмағанды ата-анасынан немесе өзі қамқорлығында жүрген өзге заңды өкілдерінен дереу алып қою туралы, сондай-ақ қорғаншыны немесе қамқоршыны өздерінің міндеттерін орындаудан шеттету, баланы тәрбиелеуге беру туралы шартты бұзу не бала асырап алуды сот тәртібімен жою туралы қорғаншылық және қамқорлық жасау органына өтінішхатпен жүгіну;

ата-ана құқығын шектеу немесе одан айыру не оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар қолдану туралы өтінішпен он бес жұмыс күні ішінде сотқа жүгіну.

#### **4-тарау. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

13. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан, комиссия мүшелерінен және хатшыдан құрылады.

14. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқаратын кенттік, ауылдық комиссияны және ауылдық округ комиссиясын қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары комиссия төрағасы болып табылады. Хатшы жергілікті атқарушы орган аппаратында штаттық қызметте болады.

15. Комиссияның құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық және қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және

панасыз қалуының профилактикасына мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

16. Төраға Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және осы Үлгілік ережемен Комиссияға жүктелген міндеттер мен функциялардың уақтылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.

17. Үлгілік ереженің 8-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша облыстық комиссияның отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына үш реттен сиретпей өткізіледі.

Қалалық, аудандық комиссияның отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына екі реттен сиретпей өткізіледі.

Егер Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, ол заңды болып табылады.

18. Қалалық, аудандық комиссия кәмелетке толмағанға, оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне қатысты материалдарды:

кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша;

өзінің бастамасы бойынша;

азаматтардың ақпараты бойынша;

білім беру ұйымдарының ұсыныстары бойынша, сондай-ақ олардың ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан өзге де органдар мен ұйымдардың өтініштері бойынша;

қылмыстық жауапкершілікті өзі көтеретін жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты ішкі істер органдарының немесе прокуратураның материалдары бойынша қарайды.

Кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды қалалық, аудандық комиссия тек кәмелетке толмағанның өзінің, оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің қатысуымен ғана қарайды.

Қылмыстық жауапкершілікті өзі көтеретін жасқа толғанға дейін қоғамға қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмағанға қатысты материалдарды қарау кезінде отырысқа прокурор шақырылады. Қалалық және аудандық комиссия отырысы өткізілетін күні, жері мен уақыты туралы прокурорды хабардар ету міндетті.

19. Кәмелетке толмағанға, оның ата-анасына немесе өзге заңды өкілдеріне қатысты материалдары, сондай-ақ білім беру ұйымдары мен кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының, құқық бұзуының және қараусыз қалуының профилактикасы үшін жауапты органдардың ұсынымдарын ұйымдастыру-құқықтық нысанына қарамастан, өзге де органдар мен ұйымдардың өтініштерін, азаматтардың ақпаратын қарау нәтижесі бойынша қалалық және аудандық комиссиялар қаулы қабылдайды.

Қалалық және аудандық комиссиялардың қаулысы отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Егер дауыстар тең

бөлінген жағдайда, комиссия отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

20. Комиссия отырысының хаттамасына төрағалық етуші және комиссия хатшысы қол қояды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК